

Д. Кокеева^{1*} , С. Исмагулова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Банарас Хинду университеті, Үндістан, Варанаси қ.

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

КАБИР МҰРАСЫНДАҒЫ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИНКРЕТИЗМ

Кабир мұрасындағы діни-философиялық синкреттік астарын талдау бүгінгі күні зерттеуші ғалымдар арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр. Себебі үнді философы, ақын Кабир көзге көрінбейтін абсолютті шындықтан іздеу арқылы өзінің нағыз бхакт екендігін таныта отырып, формасы жоқ тұлғасыз Құдайға, Абсолютті шындықты тануға шақырды. Ол құдайға бхакти жолы арқылы жүректің тазалығымен жету керектігін өзінің поэзиялық мұраларында қалдырып кетті. Сондықтан зерттеуімізде біріншіден, Кабир ілімінің діни-философиялық синкретизмі аясында бхакти қозғалысы мен ондағы бхакт негізін қалаушы ретіндегі Кабирдің шығармашылық мұрасы жан-жақты талдауға түседі. Екіншіден, мақаламызда ортағасырлық үнді ақыны, философ Кабир Достың шығармашылық мұрасына талдау жасалынады және дін мәселесіне қатысты оның ой-пікірлері жан-жақты талқыланады. Себебі дін қашанда адамзаттың тарихы мен қоғамдық өмірінен үлкен орын алып келді. Қазір заман жағдайында дін мәселесінің өзекті тақырып екені белгілі. Зерттеуде Кабир іліміндегі әлеуметтік жүйе, діни және моральдық мәселелерін талдаған ғалымдарының еңбектері басшылыққа алынады. Сондай-ақ батыс, шығыс ғалымдарының Кабирдің философиялық ойларын Шакара Дева, Шайх Нур-уд Дин сынды реформаторлармен салыстыра қарастырған зерттеулер де талданады.

Түйін сөздер: Кабир мұрасы, дін, философия, синкретизм, қоғам.

D. Kokeyeva^{1*}, S. Ismagulova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.

²Banaras Hindu University, India, Varanasi.

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

Religious-philosophical syncretism in Kabir's work

The analysis of religious and philosophical syncretism in Kabir's work is a subject of great interest among researchers today. Kabir, an Indian philosopher and poet, displayed his devotion (bhakti) by seeking the invisible absolute truth and calling for the recognition of the formless and impersonal God, the Absolute Truth. His poetic legacy emphasizes the path of bhakti and the importance of approaching God with a pure heart. In our research, we comprehensively analyze Kabir's creative heritage as the founder of the bhakti movement, exploring the religious and philosophical syncretism within his teachings. Furthermore, we delve into the creative legacy of Kabir Das, a medieval Indian poet and philosopher, and extensively discuss his thoughts on religion. This is significant because religion has always played a significant role in human history and social life. The issue of religion remains relevant even in modern times. Our study draws on the works of scholars who have analyzed the social, religious, and moral aspects of Kabir's teachings. Additionally, we examine the research of Western and Eastern scholars who have compared Kabir's philosophical ideas with those of reformers such as Shakara Deva and Shaikh Nur-ud-Din.

Key words: Kabir's teaching, religion, philosophy, syncretism, society.

Д. Кокеева^{1*}, С. Исмагулова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Банарас Хинду университет, Индия, г. Варанаси

*e-mail: dariga.kokeyeva@kaznu.edu.kz

Религиозно-философский синкретизм в наследии Кабира

Анализ религиозно-философского синкретизма в наследии Кабира в настоящее время привлекает внимание исследователей. В поисках невидимой абсолютной истины индийский философ и поэт Кабир, проявляя себя истинным бхактом, призывал признать бесформенного безличного Бога и Абсолютную Истину. В своем поэтическом наследии он упоминает, что к Богу

следует идти путем бхакти с чистым сердцем. Поэтому в нашем исследовании, а именно в рамках религиозно-философского синкретизма, во-первых, кабироведение всесторонне анализирует творческое наследие Кабира как основателя бхакта и движения бхакти. Во-вторых, в нашей статье анализируется творческое наследие средневекового индийского поэта и философа Кабира Даса, где также подробно рассматривается его отношение к религии, которая продолжает занимать место в истории и общественной жизни человечества. Известно, что вопрос о религии является актуальным вопросом по сей день. Исследование основывается на работы ученых, анализировавших общественный строй, религиозные и нравственные вопросы в кабироведении. Также анализируются исследования западных и восточных ученых, сравнивающих философские мысли Кабира с реформаторами, такими как Шакара Дева и Шейх Нур-уд-Дин.

Ключевые слова: наследие Кабира, религия, философия, синкретизм, общество.

Кіріспе

Синкретизм – бұл өте кең ұғым, оның анықтамасын әр түрлі ғылым салаларында кездестіруге болады. Сондықтан біздің зерттеуіміздегі синкретизм діни-философиялық, мәдени құндылықтарды ашуда қолданылды. Діндегі синкретизм – басқа діни үрдістердің, діндердің және ағымдардың бірігуін ашса, философиядағы синкретизм – әр түрлі философиялық бағыттарды бір жүйеге біріктіреді. Ал мәдениеттанудағы синкретизм – мәдени құбылыстардағы айырмашылықтардың болмауын білдіреді. Осыған орай, мәдениеттегі синкретизм үш бағытта анықталады: біріншіден, синкретизм адам мен табиғаттың бірлігі ретінде; екіншіден, рухани, материалдық және көркем мәдениет жүйелерінің ажырамас бөлігі ретінде көрсетіледі; үшіншіден, алғашқы мәдениеттегі синкретизм материалдық және өндірістік процестермен ұштасады. Діни-философиялық, мәдени құндылықтарды ашуда Кабир мұрасындағы синкретизм арқылы көрсетеміз. Кабирдің шығармашылық мұрасында діни-философиялық синкретизмді Кабирдің поэзиялық мұрасындағы философиясын табамыз. Кабир құдайдың бір екендігіне сене отырып, «Кой боле Рам, Кой боле Худай» тұжырымдамасының жақтаушысы болды. Сондықтан ол ғаламды жаратқан бір ғана Құдай бар деген сөзді жеткізуді басты мақсат тұтты. Үнді қоғамындағы касталық жүйеге, сондай-ақ құдайлық пұттарға табынуға қарсы болған Кабир философиясын жақсы түсіну үшін оның шығармашылық мұраларымен терең таныс болу керек.

Кабир мұрасын таныстыратын негізгі дәстүрлерді Раджастан, Пенджаб және Шығыс Ганга жазығы аймағына қарасты бөлуге болады. Ал оның ақындық шығармашылығын жалпылама ауызша және жазбаша деп топтасақ, біріншісіне әлбетте, оның діни ізбасарлары - кабирпантшілер

мен халық арасында кең тараған өлең жырлары кіреді. Бұл тізімді ақынның афоризмдері және нақыл сөздерімен толықтыруға болар еді. Кабирдің жазбаша дәстүрге жататын шығармаларынан «Биджак», «Кабир Грантхавали», сонымен қатар, «Адигрантх» құрамына енген жырларын атауға болады. Бұлардың ішінде Кабирді қастерлейтін Кабирпантх ағымының Қасиетті кітабы болып саналатын «Биджактың» алатын орны мен маңызы ерекше (Sarkar, 2008: 81).

Кабир шығармашылық мұрасының басты тақырыптарының бірі – адамның рухани кемелдігі. Сондықтан Кабир философиясы нағыз сенім тек белгілі бір қағидаларға ұстанып, әдетке сіңген діни салтты жүзеге асыру емес, керісінше жүрегінді, ішкі дүниенді тазартудан басталады дегенге саяды. Кабир шығармашылығына шынайы гуманизм мен демократизм тән. Оның ілімі қоғамның тағдырын бөлісіп, қарапайым халықтың жоғын жоқтап, қайғысына ортақтасады.

Кабир туралы ең алғашқы жазба естелікті Набха Дастың «Бхакталар гүлтізбесінен» («Бхакта мала» 1600 ж.) кездестіруге болады. Аталған еңбекте Кабир касталық ерекшеліктерді мойындамайды, ол үнді философиясында ежелден қалыптасқан алты діни мектептің тұжырымдамаларына да қызығушылық таныптады. Кабирдің пайымдауынша, махабатсыз сенім (бхактисіз) – сенім болмақ емес, ал аскетизм, діни амалдарды орындау шын жүректен шықпаса мазмұнсыз болып қалады. Ақын сакхи, рамайни және шабадтарын жалпыға ортақ тұрғыдан, яғни мұсылмандарға да, хиндулерге де бірдей арнайды. Кабир ислам не хиндулық дәстүрдің ешбіреуін тікелей уағыздаған емес, алайда ол айттарын екі ағымның ұстанушыларына да түсінікті етіп жеткізетін», – делінген (Das, 2016: 7).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

XV ғасырда Солтүстік Үндістанда Бенарес аймағында дүниеге келген ортағасырлық үнді қоғамында өзіндік із қалдырған ақын, философ Кабир Дас мұрасын зерттеу тек үнді қоғамымен ғана шектелмей шетелдік зерттеушілердің де назарынан тыс қалмағандығынан-ақ өзекті болғанын көруге болады. Себебі бұған Кабир мұрасының өшпей өз жалғасын табуы дәлел болады. Кабир Дастың туған жылы мен күніне қатысты нақты деректер жоқ болғанымен де оның жеке өміріне қатысты аңыздар көп. Солардың бірінде Кабир діни хинду әйелден некесіз туған тастанды сәби ретінде суреттеледі (Juergensmeyer, 1995: 17). Бірақ ол мұсылман отбасында тәрбиеленіп, ер жетеді. Кабирдің дүниетанымына индуизм де, исламдағы сопылық ілім де әсер еткен. Алайда ғылыми тұрғыдан Кабирге қатысты шындыққа жанасатын деректер ретінде тек оның жіп иірушілік кәсібі мен кедей отбасында өсіп, қарапайым өмір кешкендігі ғана айтылады.

Зерттеу тақырыбымызға арқау болып отырған Кабирдің шығармашылық мұрасы философиялық ой толғамдарға толы. Кабир түсінігінде өмір дегеніміз, екі негізгі рухани қағидаттардың өзара ықпалдастығы, басқаша айтқанда, жеке тұлғаның рухы мен құдай рухының өзара қарым қатынасы. Кабирдің ойынша, адам өмірінің басты мазмұны мен мақсаты осы екі қағидатты ұштастырғанда ғана жүзеге аспақ. Индуизмнен Кабир қайта туылу реинкарнацияны және игі істеріне қарай нәтиже алу кармасын қабылдаса, исламнан Құдайдың хақ және жалғыз екендігін сипаттайтын концепцияларды мойындайды (Gold, 2003: 13).

Кабир мұрасындағы діни философиялық синкретизмді ашып көрсету зерттеуіміздің негізгі мақсаты болмақ. Мақсатқа жету үшін Кабирдің мұрасындағы ой толғамдарына жеке тоқталып, зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау міндеттері қойылды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Кабир Дас ілімін зерттеу барысында батыс және шығыс ғалымдарының зерттеулері басшылыққа алынды. Негіздемелер зерттеудің өзектілігіне қарай зерттелді. Мақаланың ғылыми әдіснамалық негізін жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы талдау, логикалық және теориялық әдістер құрайды. Зерттеу барысында діни-философиялық идеялардың дамуын және олардың үнді дүниетанымының рухани өміріне әсерін зерттеу үшін тарихи талдау әдісі қолданылады.

Негізгі бөлім

Кабир мұрасының зерттелуі

Кабир шығармашылығымен танысу XIX ғасырдың алғашқы жартысында батыс ғалымдарының зерттеулері негізінде таныла бастағаны белгілі. Алғаш рет Кабирдің шығармашылық мұрасын батыс ғалымы Х.Х. Уилсон 1828 жылы «Хиндулардың діни секталары» атты еңбегі арқылы әлемге танытқан болатын. Кейін Кабир мұрасына деген қызығушылық артып, Х.Х. Уилсонның зерттеуін жалғастырған ғалымдар қатарына Г.Х. Уэсткоттың «Кабир және кабирпантх» (1907), М.А. Маколифтың «Адигрантх» (1909), Айодхьясинх Упадхьяй (Хариаудх) «Кабир вача-навали» (1916), Ахмад Шахтың аударма арқылы жеткізген «Биджак» өлеңдер жинағы (1917), Ф.Э. Кейдің «Кабир және оның ізбасарлары» (1931), Шьямсундар Дастың «Кабир грантхавали» (1928) сынды еңбектері жарыққа шықты. Аталған зерттеушілердің еңбектерінде өлең арқылы жеткен Кабирдің философиялық ой-толғамдары кабиртану саласында үлкен қызығушылық туғызып, ізденушілер арасында салыстырмалы талдауға түсті. Кабиртанушыларға үлкен қызығушылық арттырған еңбек «Грантхавали» жинағы болды. Хинди тіліне аударған Мунширам Шарманың бұл еңбегінде қос жолды шумақтарды тақырыптық тұрғыдан жүйелеп беруге тырысқан. Кейін жинақтың осы бөлігін француз тіліне Шарлотта Водевиль аударып басып шығарады.

XX ғ. 30 жылдарында үнді зерттеушісі, кабиртанушы Мохан Синх Кабирдің бхакти идеологиясында алатын орнын зерттесе, 1933 жылы Кабир мистицизміне Рамкумар Варма жан-жақты талдаулар жасап, кабиртанушылардың назарын өздеріне аударады. 1942 жылы үнді ғалымы Хазарипрасад Двидеви Кабир дүниетанымын хатхтар мен иога дәстүрлерімен байланыстырып зерттегені де кабиртанушылар үшін үлкен жаңалық әкелген еді. Сонымен қатар Кабир мұрасындағы ой-толғамдар замандастарына төмендегідей үндеу тастағаны да зерттеушілердің назарынан тыс қалмағаны белгілі:

जो तुम में धोती और गैस और पवतिर ट्रपिल रस्सी
का एक आधा पहनते हैं,
उसकी गर्दन पर लटका एक माला और पॉलशि।
तांबा बर्तन पकड़ रहे हैं,
परमेश्वर के दास, और बनारस से बदमाश नहीं हैं।
मैं संतों का सम्मान नहीं, शाखाओं के साथ पेड़ों
भक्षण कर सकते हैं।

वे नकाल बरतन से पहले उनहें चूलहा पर डाल दिया।
और इससे पहले कवि आग लगना धोया लोग,
और खुदाई की भूमि पर दोहरी ध्यान करने के लिए,
लेकिन आदमी
उन्हें पूरा नगिल -
पापियों और बलात्कारी के रूप में रहते हैं, और खुद
से संन्यासी का नाटक।
हाँ, वे सब अपने आप के लिये रहते हैं, सभी रशिते-
दारों और ऐसे -
केवल अपनी इच्छाओं को पूरा.

*Дхоти киіп, мойнына арқан асқан діндарым!
Айтқандарың өтірік, білмес ешкім
тыңдарын.*

*Тәсбих алдың қолына, тазарам деп өзіңше
Құдай көрмес деймісің, алдап тұрсың
көзінше.*

*Бенаресті бұл күні жайлады өңкей алдамшы,
Құдай керек жарандар, дер кезінде
қамданшы!*

*Әуре болды әрқайсы, қамын жеді бір бастың
Қайтсем көзін ашам деп, жазықсыз қара
тобырдың*

*Күндіз-түні Құдаймен дұға қылып
сырластым. (ауд. автордан)*

XX ғ. 50-шы жылдары хинди, урду және ағылшын тілдерінде жариялаған Сарнамсинх Шарманың «Кабир» туралы зерттеуінде ойшыл, философ ақынның өмір сүрген кезеңнің саяси жағдайына тоқталып, сипаттама береді. Сонымен қатар 1950-1954 жылдар аралығында тағы біршама еңбектер жарық көрген еңбектердің ішінен Рамратан Бхатнагардың «Кабирді зерттеуге кіріспесін», Бхаратбхушан Сароджтың «Махатма Кабирін», Пурушоттамлал Шриваставтың «Кабир туралы әдебиеттерді зерттеу», Яджнядат Шарманың «Кабирдің ілімі мен шығармашылығы» және Парашурам Чатурведидің «Кабир туралы әдебиеттерді зерттеу» атты еңбектерін атап кетуге болады. 1961 жылы шыққан Параснатх Тиваридің «Кабир грантхавали» еңбегі, Н.Б. Гафуровтың 1976 жылы жарық көрген «Кабир және оның мұрасы» атты монографиясын да ескеруге болады. XX ғ. 2-ші жартысында батыс кабиртанушыларының жариялаған зерттеулерінен Шукдев Синх, Линда Хестің «Кабирдің Бижагі» атты еңбегі 1983 жылы жарық көріп, Нью Йорктегі Оксфорд университеті баспасынан 2002 жылы қайта басылды. 2000 ж. Прабхакар Мачавенің «Кабир» атты монографиясы, 2006 жылы Чандрика Прасад Шарма Кабирдің шығармашылығы мен дүниетанымына жалпылама шолу жасай

отырып, Кабирдің әдеби мұрасын зерттеумен арнайы айналысатын институттар мен әдеби қоғамдардың тізімін көрсеткен «Сант Кабир» атты еңбегін шығарады.

XXI ғасырда да Кабир мұрасын зерттеу өз жалғасын табу үстінде. Себебі жоғарыда айтап өткеніміздей, Кабир мұрасындағы діни-философиялық ұстанымдарын талқыға салу зерттеушілер арасында үлкен қызығушылық тудырып отырғаны белгілі. Атап айтар болсақ, Кабир мұрасымен Сунет Варма (2014), Раджнандини Дас (2016), К. Шах (2017), Прабира Сети (2017), К.С. Шарма (2017), Н. Дабхаде (2018), Р. Дас (2018), Химаншу Рой (2019), Н. Самаддер (2019), Дивья Джиоти (2021) зерттесе, үнді философиясының бастауы ведалық дәстүр туралы өзіндік ойларын қалдырған Кабирді Л. Хесс пен Ш. Сингх, Т.Я. Елизаренкова, П. Гринцер, А.П. Баранников, А. Сыркин, Б.Л. Смирнова, Д. Чаттопадхья, С. Вивекананда, С. Радхакришнан, М. Рай сынды ғалымдар қарастырып, зерттеулер жүргізді.

Сунет Варма (Varma, 2014: 27) Сант Кабир Дастың XV ғасырдағы Үндістандағы Бхакти қозғалысында ерекше рөл атқарғандығын саралай отырып, қоғамның түзелуі үшін санадағы эгоны жеңу жолдарын, қоғамдағы қайшылықтарды жоюдың негізі бірлік принциптерін, сонымен қатар сүйіспеншілікке, адалдыққа және әрбір адамзаттың теңдігіне тұрақты адамзат қауымдастығының шынайы рухын көтеруге талпыныс жасағандығы туралы күрескенін өз зерттеулерінде көрсетсе, Раджнандини Дас (Das, 2016: 43) Үндістанның ең ірі реформаторлары Санкарадева мен Кабир Дасты салыстырмалы түрде зерттеді. Оның зерттеулері Бхакти қозғалысының контекстін Санкара Дева мен Кабир Дас уағыздаған ұстанымдар тұрғысынан талдады. Зерттеудің басты мақсаты Үндістанның жаңа өлшемге ие болған дәуірдегі әлеуметтік өміріне олардың негізгі көзқарасы болды. Бұл ұлы тұлғалардың екеуі де автордың пікірінше, қаста, дін және қоғамдағы таптық алауыздықты жою және біртұтастықты құру арқылы қоғамда тұрақты идеализм тудырды. Ассам аумағында Санкара Дева Бхакти идеологиясын уағыздап, оларға «махаббат», «төзімділік» және «бхакти» немесе Күдіреті шексіз Құдайға «берілу» принциптерін үйретті, – дейді ғалымдар. Санкара Дева сол кездегі Ассам қоғамындағы Вайшнав дінін өзгертуді ұстанып, Бхактиге баулуды мақсат тұтты. Кабирге де көптеген басқа вайшнавистер сияқты Ниргуна Бхакти

қатты әсер етті және ол материалдық дүниеден гөрі рухани кемелдікке ұмтылу үшін бхакти жолын таңдады. Сондықтан Кабир өз Құдайын Ниргуна деп анықтады, – дейді автор. Кабир рухани кемелдікке жету үшін бхакти жолының артықшылығын дәлелдеуге тырысқандығын мына жолдардан көруге болады:

हृदि चाहे मुसलमान चाहे
उसी जमीन पर हर किसी के जीवन
या वेद कुरान पढ़ते हैं,
मुल्ला पंडित या कवि,
हर पाट उसी मट्टी से बनाया है।

*Хинду болып рақым жаса,
Мұсылман бол қаласаң!
Соңынан ер Брахманың да
Адам болғын жарасаң!*

*Махдевтің сөзін ұстан, жолымен жүр
Мұхамед,*

*Молда-пандит, барлығыңда, жалғыз Жерді
тұрақ ет!*

*Құдай біреу, бөлінсең де, соңы біреу –
қиямет! (ауд. автордан).*

Кабир өлең жолдарынан ақын, философтың қай дінді меңзегені түсініксіздеу бола тұрса да орта ғасырдағы мистик ақындар Кабирді таухид дінінің ұстанушысы деген пікірді алға тартады. Десе де бұл пікір-талас бүгінгі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Осы тұрғыда үнді зерттеушісі Пареш Шахтың зерттеуіне сүйенсек, (Shah, 2017: 31) ол өз еңбегінде Кабир Дасты Солтүстік Үндістандағы Бхакти мен сопылық сарында жазған ақын ретінде талдау жасады. Зерттеуге сәйкес, ол екі дінге де қолайлы жаһандық жолды ұсына отырып, индуизм мен исламды біріктірген алғашқы үнді әулиесі деген тұжырымды алға тартады. Автор Кабирді қайта құрушы және сыншы ретінде атай отырып, үнді философиясына жаңа жол берді, – дейді.

Прабира Сетхи (Sethy, 2017: 14) Кабирдің қай жерде туылғанын, оның отбасы кім болғанын және оның өмір жолына зерттеулер жасап, оның мұрасын ашуға тырысты. Сонымен қатар ол Кабирдің синкретизм туралы негізгі философиясы байлықтың, жоғары және төменгі касталардың, хиндулар мен мұсылмандардың қарым-қатынасы, эгоизмнің орнына бір-біріне теңдік, сүйіспеншілік, жанашырлық және бірге өмір сүруді сақтау туралы үндеулерін біріктіру арқылы қарастырды.

К.С. Шарма болса (Sharma, 2017: 9), солтүстік Үндістанның Бхакти қозғалысының өкілі Кабирді

сопылық қозғалыстың әсерімен, Нанак ілімімен (сикхизмнің негізін қалаушы) және шейх Нур-уд Диннің өмірі мен философиясын салыстырады. Кабир, Нанак, Нуруд Диннің үндеулері негізінде жинақталған діни философиялық синкретизмнің барлығы Үндістанның әр түрлі бөліктерінде дамып, тараған болатын. К.С. Шармамен қатар бірнеше зерттеуші ғалымдар Кабир, Нанак, Нуруд Дин ойларының әрқайсысының жалғыз тұжырымдамасы тұтас адамзатқа, күдіретті тұлға ретінде Құдайға және конструктивті қоғамның негізін қалаушы элемент ретінде махаббаттың өміршендігін көрсетеді деп қорытындылайды. Сонымен қатар Кабир Дастың діни-философиялық үндеулеруін шәкірттері дамытып, бүгінгі күнге жеткізгендігі туралы да зерттеулерінде көрсетеді.

Ал Н. Дабхде (Dabhade, 2018: 13) болса, Кабир Дас өмір сүрген дәуірдегі философияның маңыздылығын және оның ілімдері арқылы діни көзқарастардағы, әлеуметтік кемсітушіліктер мен Құдайдың бар екеніне сенудегі реформалардың маңыздылығын нақтылады. Зерттеушінің пікірінше, касталық жүйеге қарсы наразылық, әрбір адамзатқа сүйіспеншілік пен діни тұтастықты бөлісу Кабирдің негізгі мұраты болды, – дейді. Зерттеуші Р.Даста Кабир мұрасы бойынша зерттеулер жүргізіп, оның өмірін, шығармаларын және оның Бхакти қозғалысы кезіндегі рөліне жан-жақты талдау жасайды. Бхакти қозғалысын күшейткен Кабир Дастың дінге бейімділігі туралы сөз қозғап, оның құдайға берілгендігі туралы талдаулар жасайды.

Химаншу Рой (Roy, 2019: 71) Кабирдің сенім мәселесіндегі философиялық ойларына талдау жасайды. Х.Рой Кабирдің мемлекетті, әсіресе сот пен қоғамды басқаруды сынауы, оның Бегумпура туралы утопиясы, жеке меншік жерінен, салықтан және әділетсіздіктен ада болған ауыл саясатын, және де оның монотеизмге негізделген зайырлылық пен патриархатты сынамайтын синкретизмді кеңінен талқылады. Н. Самаддер (Samadder, 2019: 5) болса, қазіргі қоғамда әлі де тиімді болып табылатын әлеуметтік реформалардың бастаушысы ретінде Бхакти жолының ұстанушысы Кабир Дастың өмірін, ұстанымдары мен қағидаларын қарастырды. Зерттеуші Н.Самаддердің пікірінше, Кабирдің қоғамды конструктивті, бейтарап касталық, ешқандай діни-әлеуметтік кедергілерсіз біртұтас ретінде жүйелеуі әлеуметтік сананы дамытуға негіз болды. Н. Самаддер Кабирдің ізгі мінез-құлық, адалдық, қарапайымдылық және сүйіс-

пеншілік сияқты адамгершілігі туралы ілімдері адамзаттың тұтастығының тірегі екенін дәлелдей келе, Кабирдің бейбітшілік орнату, зорлық-зомбылық жасамау және сыбайлас жемқорлық, басқарушы жүйелерге қарсы тұруға деген ұмтылысын зерттеген. Ал, Дивья Джиоти (Jyoti, 2021: 27) Кабирдің теңдік туралы үндеулері туралы талқылаумен қатар Сант Кабирдің қасталық жүйенің иерархиясына қарсылық танытқандығын көрсеткен.

Ақынның әлеуметтік, сонымен қатар рухани теңдігі туралы тақырып оның Құдайға арнаған жырларынан аз емес. Кабир түрлі стереотиптерге байланған, қатаң қағидаларға шырмалған жасанды қоғамды да төмендегідей сипаттайды:

चलो शक्ति भी है एक ब्राह्मण,
अभी भी नहीं उस से मलिा था।
चलो कम से कम होगा,
उस पर अच्छा बैठक की।
हालांकि एह रूप में ले लो,
गोपाल के साथ मुलाकात की।

*Брахман боп туылғанның барлығы
Адал бола бере ме?*

Чандал болып туылғанның барлығы

Харам бола бере ме?

Шакти-вайшнав не берер

Барлығы да теңелер

Бір Құдайдың алдында! (ауд. автордан).

Әлеуметтік, таптық ерекшеліктеріне қарамастан, кабирлік философия барлық адамдарды Құдай алдында бірдей дәрежеге қояды.

Кабир іліміндегі діни-философиялық таным

Құдайға жетемін деген адам толықтай жүрегімен Құдайды сүюі қажет, – деген Кабир "Құдайды жүрегіңнің түпкірінен ізде!" – дейді. Осы мақсатта бар өмірін бір құдайды іздеу жолында, құдайдың бір екендігін, бар екендігін көрсету үшін «Бхакти» ілімін ұстанумен өтті. Сондықтан да Кабирдің есімі халық арасында ортағасырлық солтүстік Үндістандағы сопылық пен бхакти қозғалысына өзіндік үлесін қосқан рухы биік тұлғалардың бірі ретінде дәріптеледі.

Бхакти үнді философиясы мен дініндегі Құдайға деген сүйіспеншілік ұғымын білдірсе, соңғы орта ғасырларда Үндістанның солтүстігінде таралған діни реформалық қозғалыстардың шартты атауы ретінде де сипатталады. Бхакти құдайға берілуші болса, бхакта сол құдайға жету жолында ақиқатты таныстырушы тұлға ретінде сипатталады.

Кабир өз ілімдерінде бхакти жолына түсу үшін эгоизмді жеңіп, толығымен Құдайға сену керектігін үндеумен болды. Бхакти жолындағы адам дүниелік қызығушылықтан бас тарту керек, – дейді.

Жалпы бхакти ілімі үнді жерінде ежелгі заманда қалыптасқан. Бұл жүйенің элементтерін упанишадтардан (ведалық канондардың философиялық маңызды бөліктері) көре аламыз. Бхакти концепциясы индуизмдегі жоғарғы Ақиқатты тану мен еркіндікке қол жеткізудің негізгі тәсілдері болғандықтан, ол білім жолы – *джанамарга*, үйлесу жолы – *йогамарга* және адалдықтың жолы – *бхактимаргадан* тұрады. Адалдық жолы, яғни, *бхактимарга* жаратқан мен жаратушы арасындағы эмоцияналды байланыс орнатуды білдіреді. Бхакта үшін қасиетті жазбалар мен рәсімдік амалдарды Құдайды тану мақсатында орындау шарт емес. Бұл тұрғыдан алғанда бхакти концепциясы ашық және демократиялық сипат алады. Бхакти концепциясының басты дамуы ең алғаш «Бхагаватгитада» көрініс тапқан. Басты мәселелері бхактидің көмегімен құтқару және босату жолдары «Бхагаватгита» бхакти ілімінің ерте және кейінгі ортағасырдағы философияның дамуының қайнар көзі болып табылады (J.W de Jong, 1976: 154).

XV-XVI ғғ. Үндістанның әлеуметтік және рухани өміріндегі терең қарама-қайшылықтар жұмысшылар мен саудагерлердің діни-реформаторлық қозғалыстарының дамуына әкеліп соқтырды. Бұл қозғалыстар «бхакти» деген атауға ие болып, елдің түкпір-түкпіріне жайылды. Бхакти қозғалысы діни-реформаторлық сипатта болып, католиктік шіркеудің үстемдігіне қарсы жүргізілді. Үндістандағы жоғарғы қасталар мен феодализмнің үстемдеріне қарсы бхакти қозғалысы дінмен тікелей байланысты болды. Үнді қоғамында кең етек алған бхакти қозғалысы туралы зерттеген ғалым В.П. Каниткар өз зерттеуінде негізге алып, «Бхакти ілімі негізінде ислами тепе-теңдік пен монотеизм рухындағы индуизм интерпретациясы болды, дегенмен, оның діни болмысы «Бхаватгитадан» алынғандықтан, жүрек тыныштығын Құдайдан іздеу маңызды мағынаға ие болған», – дейді (Каниткар и др., 2001: 18). Каниткардың тұжырымдамасының дәлелін Кабирдің төмендегі мына өлең жолдарынан да көруге болады:

अरे, लोग, पुरुषों और महिलाओं,
वेद और कुरान में उलझा

मैं आस्था और नरक का डर।

*Ей адамдар, құлағың сал, әйелің де, еркек те!
Адастыңдар, Веданы да, Құранды да
түсінбей,*

*Құтқарушы Құдай ғана, әуре болып
өздігіңнен тер төкпе! (ауд. автордан).*

XV ғасырдағы «Бхакти» қозғалысы арқылы Кабир теңдік пен келісім жолымен жүруді үйрете отырып, үнді қоғамындағы кемсітушілікті жою қажеттілігі туралы хабардар етті. Сонымен қатар, діни синкретизм (діндердің араласуы) қоғамдағы теңсіздікті жеңілдетуге көмектеседі деп санаған Кабир сүйіспеншілікті, адалдықты, шындықты, өзіне деген сенімділікті ұялату үшін ой мен жүрек тазалағын реттеуді ұстанды. Касталық бөлініс сынды әлеуметтік-экономикалық әділетсіздікке қарсы күрескен Кабир құдайдың жаратуында бәрі бірдей болуы керек деген ұстанымын төмендегідей көрсетеді:

दुनिया में सब कुछ हड़डियों और त्वचा से बना रहे है,
रतत्क, मूत्र और एक ही चीजों के सभी आराम कएि
गए थे,

उस ब्राह्मण, क शूद्र।
स्पाकलंगि ब्राह्मण, शूद्र क नीला क्या
हरि प्रकाश, चाहे
कबीर कहते है - भगवान में सब
और वहाँ कोई हद्दि, मुसलमान नहीं है।

*Брахман шудр, вайши деп,
Адамды Құдай бөлмейді.
Діндар боп жүрген адамдар,
Соны неге көрмейді?
Құдайға бара жол біреу
Кабир соған ұмтылар
Бұйырмасын төр мейлі! (ауд. автордан).*

Үнді философы, ақын Кабир көзге көрінбейтін абсоютті шындықтан іздеу арқылы формасы жоқ тұлғасыз Құдайды тануға шақырады. Ақын мұрасынан Құдайға деген шексіз махаббатты төмендегі көрініп тұрғанын байқауға болады:

अगर तूम सच में मेरे लयि देख रहे है, मैं तुरंत मलि
जाऊंगा,

सुनो, भाई, कबीर कहते है: सभी जीवन पवतिर है।

*Құдіретті хақ Құдайды шын іздесең, көз
алдыңда тұр ғой, Ол!*

*Кабир дейді: қыбырлаған тірі жанның
барлығында жүр ғой, Ол! (ауд. автордан)*

Кабир жаратушы мен жаратылушы ара-сындағы байланыс үздіксіз болуы керектігін

негізгі қағида ретінде көрсетуге тырысты. Оның философиясы Құдай мен Оның жаратқан дүниесін түгел қамтиды. Кабирдің құдайға деген шексіз берілу махаббатын көру мына жолдар да дәлел бола алады:

मुझे दुनिया की वशिलता के बारे में कहना होगा?
मुझे समझ या नहीं समझते?
मैं कहता हूँ: “मुझ में शांति” - दुनिया के लएि एक
शरम की बात है,
“मुझ के बाहर दुनिया” - लेकिन एह एक जूठ है।

*Дуниенің кеңдігін сұрамай-ақ, көзбен көр,
Әлем сияр ішіме, мейлі сезін, сезбеңдер!
Айналаға қарамай, шек келтіріп, көпіріп
Бұл әлемде Құдай жоқ дегендерге төзбеңдер!
(ауд. автордан).*

Кабир бхакти ақыны ретінде мойындалғанымен де оны сопылық ағымның мистик ақыны деп те таныстырып жатады. Алайда Кабир шығармалары бірінші кезекте бхакти қозғалысын орасан зор үлес қосқандығын естен шығармау керек. Ал сикхизмнің Қасиетті кітабы Адигрантх Кабирді басқа да Рави Дас, Фарид, Намдев секілді бхакти ақындарымен қатар құрметтеп, солармен бірдей дәрежеде мойындайды. Кабирдің ниргун бхакти ілімі сопылық идеяға өте жақын келетіндіктен үнді халқы оны мистик ақын деп те таниды. Теңдікті, әділдікті аңсаған ақын Кабир қоғамның негізі құдайға деген бхакти жолы ғана емес, сонымен қатар, адамдардың өзара махаббаты да маңызды деп білді. Адамдардың махаббатын сезіну үшін Құдай әрбір жүрекке болуы керек, – дейді.

Кабир адам рухының тазалығы мен нәпсіні жеңе білу концепциясын дұрыс деп ұғына отырып, Құдайға деген шексіз махаббатқа негізделу керек деп сенгендігін төмендегі өлең жолдарынан да көруге болады:

दरवाजे दसवीं के रूप में संकुचति भूत्ता,
सरसों के बीज का अनुपात।
आत्मा एक पागल हाथी की तरह है,
उनके माध्यम से कैसे प्राप्त करें?

*Бхакти деген апарар жол Құдайға!
Жұмаққа кірер есік тар,
Өтем деген мықтылар
Сондай шартқа шыдай ма?*

Кабир іліміндегі бхакти ұғымы негізгі сүйенетін концепция болып табылады. Ақын түсінігінде бхактисіз Құдайға жету мүмкін емес. Кабирдың шығармашылық мұрасының

ерекшелігі оның ілімдеріндегі діни-философиялық астарлар еді. Бүгінгі күні Кабирдің ілімі халықтың жадынан өшпейтін мәңгілік рухани-мәдени мұраға айналып отыр.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Үнді халқын ынтымық пен ортақ мақсаттар төңірегінде ұйытатын бірден бір күш плюралистік идеология болғандықтан, үнді даласындағы барлық діни ұйымдар мен идеология жүйелері адамгершілік принциптерін, жалпы-адамзаттық мұраттар мен міндеттерді насихаттайды. Себебі әр түрлі діндер мен ұлттардың сан қилы да қайшылықты мүдделерін жалпы адами мақсаттар біріктіре алады. Дербес бір әлемде ғұмыр кешкен Кабир атақ пен даңққа әуес болмаған. Ақынның даналығы мен бірізділігіне қайран қалған заманындағы билеушілер мен бұқара халық ақынды құдайға барар тұра жолды көрсетуші елші іспетті балаған. Кабир үндеулерінің барлығында дерліктей діни астар, құдайға деген махаббат, әділдік жолдары кездесіп жатады. Философ ретінде танылған данышпан тұлғаның мұралары өз заманының ғана емес, бүгінгі күннің де бағдар шамына айналды.

Бхакти ілімінің негізін салушылардың бірі ретінде де тарих сахнасында өзіндік орны бар Кабирдің ақындық мұрасы халықтың рухани мұқтажын өтейтін қайнар көзі болып қала бермек. Бүгінгі күні ақын, философтың шығармашылық мұрасы, ой-толғамдары үнді халықтарына ғана қызмет етіп жатпағандығы белгілі. Қаншама уақыт өтсе де кейінгі ұрпаққа мұра ретінде қалдырып кеткен өшпес үндеулері адам өркениеті мен мәдениетіне өзіндік үлес қосқан асыл қазына екендігі еш дау тудырмайды. Әмбебап гуманистік тартымдылыққа ие болған Кабир Дастың ілімдері хинду-мұсылман арасындағы алшақтықты жоюға қабілетті болды. Үнді қоғамында бхакти мен таухид дінді насихаттайтын діндар Кабирдің философиялық ілімдері Солтүстік Үндістанға бейбітшілік сезімін әкелді. Ол бхакти жолы арқылы қоғамды жақсартқысы келді, жаратушының дара екендігін көрсеткісі келді.

Қорытынды

Кабир мұрасы поэзия ретінде орта ғасырлық Үндістан қоғамының рухани байлығын байыта түскені сөзсіз. Өз дәуірінде бұл қоғамды діни рәсімшілдікке толы формада айықтыруға бағытталған ақынның жан айқайы десек, бүгін, арада қанша ғасыр өтсе де, дәл сол мәселе әлі өзектілігін жоғалтпағандығын көреміз. Кабир мұрасы адам баласының өз болмысының мәні мен тіршіліктегі мақсаты туралы терең ойлануына түркі болды. Адамзат болмысы мен тіршілігінің мәнін түсінуге талпынған адам баласына Кабир мұрасының берер мол.

Әлемде қаншалықты халық пен мәдениет болса, олардың әрқайсының өзіне тән бай мұрасы, қайталанбас тұлғалары болары сөзсіз. Әрқайсының рухани құндылықтар қазынасына қосқан асыл маржандары бар. Әр ақын мен жазушының, әр ғалым мен ойшыл-философтың тұңғық сырға толы өзіндік әлемі бар. Осындай әйгілі де ұлы тұлғалардың бірі, үнді қоғамында өзіндік өрнек пен із қалдырған Кабир Дас аталған зерттеуімізде қарастырылып, оның гуманистік идеяға толы туындылары талданды. Сондай-ақ, Кабир Дас өмір сүрген дәуірдегі қоғамның саяси және әлеуметтік хал-ахуалына, оның өмірі мен шығармашылығының қалыптасуына, ақын мұрасының поэзиялық ерекшеліктеріне талдау жасалынды.

Кабир поэзиясындағы дүниетанымдық мұраға, оның дәстүрлі діндердің арасындағы байланыстарға деген діни көзқарастарына талдау жасауға тырыстық. Орта ғасырдағы үнді қоғамының өкілі Кабир Дастың шығармашылық мұрасынан құдай болмысын жырлау арқылы жаратушыға деген махаббатын ашып, өзі өмір сүрген замандағы қалың бұқараға дұрыс жолды бағыттағанын аңғардық. Бұл зерттеуімізде Кабир Дастың ақындық мұрасын дәріптейтін Грантхавали жинағындағы хинди тіліндегі өлең жолдарынан кейбір үзінділерді түпнұсқадан аударып жеткізуге тырыстық.

Алғыс сөз

Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ-ның қаржыландыруымен АР09260492 жобасы аясында әзірленді.

Әдебиеттер

Каниткар, В.П. и др. (2001) Индуизм. – М.: Файр-Пресс. – 320.

References

- Dabhade, N. (2018) Kabir: Love, Mysticism and an Alternative Vision. – Sab Rang: India. – 69.
- Das, R. (2016) Sankaradeva and Kabirdas: A Short Comparative Analysis of Their Bhakti. – Vol – 4. Issue-9. – 54.
- Das, R. (2018) Bhakti Religion in India with Special Reference to Kabirdas. – Vol.-7. Issue-2. – 98
- Gold, D. (2003) Book review on the Bijak of Kabir. – History of Religions. Chicago University Press. – 1 August. –Vol. – 43
- Roy, H. (2019) Political Ideas of Kabir. Medium (Deshmukh Patel). – Sab Rang: India. – 31.
- J.W de Jong. (1976) A brief History of Buddhist studies in Europe and America.– Varanasi: Shakti. – 78
- Juergensmeyer, M. (1995) Radhasoami reality: the logic of a modern faith. – Princeton University Press. – 271
- Jyoti, D. (2021) The Problem of Caste: Bhakti and Equality in Kabir. Center for Political Studies. – New Delhi: Jawaharlal Nehru University. – 5
- Kanitkar, V.P. and et al. (2001) Hinduism. [Induism]. – М.: Fair-Press. – 320. (in Russian)
- Rajnandini Das, (2018) Bhakti Religion in India with Special Reference to Kabirdas. – Vol.-7. Issue-2. – 98
- Samadder, N. (2019) Kabir Das – A Social Reformer (Hindi Research Article). – Jetir. Vol. – 6, Issue –6-13
- Sarkar, S. (2008) Modern India, – Chennai: Macmillan India Press. – 126
- Sethy, P. (2017) Relevance of Sant Kabir Das's Syncretism in the 21st Century. – Indian Journal of Social Enquiry. – Vol-9. Number-1. – 137
- Shah, Paresh K. (2017) Sant Kabir: A Promoter of Universal Religion or Religion Of Man. – Pune Research. An International Journal of English. – Vol. 3. Issue 6. – 9
- Sharma Ch.P. (2006) Sant Kabir. – New Delhi: Akash Prakashn. – 104
- Vanshi, B. (2005) Pura Kabir. – New Delhi: Shanti Prakashn. – 202
- Varma, S. (2014) Love, Healing, and Human Unity: Lessons from Sant Kabir Das. – University of Delhi: California Institute of Integral Studies. – 23.